

УДК 373.2.02
ГРНТИ 14.23.09

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАНЫ ОҚЫТУ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымында баланы оқытуды ұйымдастырудың жаңа моделі жайында айтылады. Қазіргі педагогтың тұлғасы қандай болу керек деген сұраққа жауап ізделеді. Ересек топта балалармен жұмыс жасаудың кейбір әдіс-тәсілдері ұсынылған.

Аннотация

В статье рассматривается новая модель организации обучения детей в дошкольной образовательной организации. Автор анализирует, какой должна быть личность современного учителя. Представлены некоторые методы работы с детьми в старшей группе.

Annotation

The article considers a new model of the organization of children's learning in a preschool educational organization. The author analyzes what skills and values a modern teacher should have. Some methods for the work with children in the senior group of the kindergarten are presented.

«Қанаттандырылған» баланы тек «қанаттандырылған» педагог, бақытты баланы тек бақытты педагог, ал заманауи баланы тек заманауи педагог қана тәрбиелей алатыны анық. Тәрбиеші болу үшін не істеу қажет? Тәрбиеші қандай болу қажет? Балалар, отбасы, қоғам қандай тәрбиешіні күтеді? Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізе отырып жан-жақты, әмбебап дағдылары қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу. Әрине ол үшін мектепке дейін білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың рөлі ерекше маңызды.

Ендеше балабақша педагогы толерантты, дүниетанымы кең, үнемі ізденістегі педагог болуы қажет. Біздің мамандығымыздағы ең бастысы – ол балалар-

Кожаниязова А.Е.,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ
филиалы Қостанай
облысы бойынша Кәсіби
даму институтының
аға оқытушысы

Рахимова С.Т.,
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай ауданы білім
бөлімінің «Гүлдер»
бөбекжайының
тәрбиешісі

*Негізгі сөздер: мектепке
дейінгі білім беру, заманауи
модель, тәрбиеші тұлға-
сы, шығармашылық, әлеу-
меттендіру.*

*Ключевые слова: до-
школьное образование, со-
временная модель педаго-
га, личность, творчество,
социализация.*

*Keywords: preschool edu-
cation, modern model of a
teacher, personality, crea-
tivity, socialization.*

ды сүю, өз ісін сүю.

Баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік болып табылады. Сондықтан педагог дамытушы орта, яғни заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта құра отырып, қарым-қатынасты қолдау, ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, баланың дербестігін ынталандыру, әр баланың жеке басын құрметтеу, балаға қиын сәттерде қолдау көрсету арқылы баланы дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сапалы маңызды өзара іс-қимыл – педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету екені анық. Аталып өткендерді жүзеге асыратын педагог – педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі және білім алушыларды және тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам [1, 64 б.]. Мектепке дейінгі білім беруде баланы оқыту ұйымдастырудың заманауи модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүй-

есін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Заманауи педагог мектепке дейінгі білім беру жүйесінің спецификасын біліп қана қоймай, мектепке дейінгі жастағы балалардың әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы баланың қалыптасу заңдылықтарын біледі, балалардың пәндік, ойындық, жеке және бірлескен жұмыстарын тиімді ұйымдастыра алады. Педагог балаларға білім мен тәрбие бері қызметін жоспарлау және жүзеге асырып қана қоймай, оны талдай алуы тиіс. Әр баланың жеке дамуын ескере отырып, білім беру міндеттерін жоспарлап түзете алуы тиіс. Білім алуда қиындық туындайтын балалармен жұмыс жасауда тиісті мамандардың педагогикалық ұсынымдарын жүзге асырады.

Мысалға айтатын болсақ, қазіргі таңда балалардың сөйлеуінің дамуын реттей алатын көптеген әдістер бар. Тіл үйретуде соның бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» [2, 105 б.]. Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ олар өзара тығыз байланысты. Сонымен бірге, әр кезеңнің тиімді стратегиялары бар. Солардың бірі – «Синквейн» стратегиясы. Синквейн стратегиясы – бес жолды өлең, ой толғау кезеңінде қолданылады. Синквейн әдісін ересек топта жиі пайдаланамын. Мектепке дейінгі жасынан бастап, балаларға синквейнді ойын арқылы құрастыруды үйретмін [3, 71 б.].

Синквейнді не үшін қолданамын:

- тілдік қорды байытуға;
- қысқаша мазмұндауға үйретуге;
- ой-пікірді қалыптастыруға;
- бәрінің қолынан келеді [5, 58 б.].

Синквейнмен жұмыс жасау барысын-

да дидактикалық ойындарды нақтылайды, әр түрлі лексикалық тақырыптарға сай сөздік қорын толықтырады және тәрбиешінің көмегімен жұмбақтар құрастырады.

Ересек топ баланың сөйлеу тілін дамыту мақсатында қолданылатын ойын түрлері мен жұмыстары:

- балаларға арналған өлең-шумақтар, тақпақтар, желілі-рөлді ойындар, дыбысты еліктеу арқылы айту ойыны. Бұл ойындар мен жұмыстарды орындау барысында ересектердің сөйлеу тілі, балаға сөзді қимыл-қозғалыс негізінде қабылдап, оны қайталап айтып, сөзді естуімен ерекшеленеді.

- Желілі-рөлді, қимылды-бейнелі ойындарды ойнау барысында, баланың ересектермен эмоционалдық байланысы орнайды. Ойынды ойнау барысында бала ойынды өзі, өз еркімен ойнауды бастайды.

- Дыбысты еліктеу арқылы қайталап айту ойындарында баланың фонематикалық есту қабілеті дамып, белгілі бір дыбысты анық айтуға дайындайды.

- Суреттерді ересектермен қарау барысында балалар, сурет мазмұнымен киіпкерлердің атауымен танысып, қайталап айтып еске түсіреді.

- Балаларға суретпен жұмысты ұйымдастырудың маңызды себебі – бала заттың атауын бейнесімен салыстырады және сәйкестендіре отырып, еске сақтайды [5, 157 б.].

- Жеңіл жұмбақтар жасыру.

- Баланың ұсақ-қол моторикасын дамытуға бағытталған ойындарын өлең шумақтары арқылы қолдың басы және саусақ қимылымен бірге орындауға болады. Қол және саусақ жаттығуларын жасау, баланың физиологиялық сөйлеу тілінің даму негізін құрайды.

Барлық аталған ойындар мен жаттығулар баланың сөйлеу тілінің дамуын

жүзеге асырады. Сөйлеу тілін дамытуда мен бағытын айта отырып, балаға мына ұстанымды айтпай кетуге болмас: «Көр – тыңда – қайтала!». Сөйлеу тілінің құрылымы диалогтық сөйлеу тілінен басталады. Бұл кезде сөзді айтушы және тыңдаушының рөлдері үнемі ауысып отырады. Баламен ең алғаш диалог құрушы – ол жауап беруге жетелеу керек. Баланың сөйлеуге деген ынтасын, қабілетін баланың дыбыстарды дұрыс немесе бұрыс дыбысталуына қарамастан дамытып отырамын.

Дұрыс жауап беру негізі ол мән-жайды, іс-әрекетті түсіну болып табылады.

Есте сақтай кетсек – өзіндік ерекшелігіне және қиындық дәрежесіне сәйкес сұрақтардың 3 түрін ажыратамыз.

1.Репродуктивті (жоспарлы) сұрақтар – бұл сұрақтар жеңіл, түсінікті болып келеді және жәй қана «Иә», «Жоқ» деген жауапты талап етеді. Мысалы, Ойыншықты алғың келе ме? – Иә. Бұл кім? – Бұл әке. Бұл не? – Бұл доп. Не істеді? – Ойнады! - деген сияқты сұрақтар.

2.Ізденуші (зерттеу) сұрақтары. Олар кішкене күрделі және құрылымы толық сөйлеммен жауап беруді талап етеді. Мұндай сұрақтарға жауап беру сөйлемнің бастапқы сөзінен басталады. Мысалы: Мысық қайда ұйықтап жатыр? – Мысық үстелдің астында ұйықтап жатыр. Балалар қайда барады? – Балалар дүкенге барады!

3.Мәселелі сұрақтар – бұл сұрақтар мәселелі Неге? Не үшін? деген сөздерден басталады. Сұрақтар құрылымы бойынша күрделі және ойландыратын, ойды қозғайтын жауап беруді талап етеді. Бала жауап беру кезінде себеп салдарын анықтай отырып, логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Сөйлеу қабілеті – бұл барлық әрекеттің жүзеге асуының негізгі құрамдас

бөлігі және алғашқы шарты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда баланың сөйлеу тілін белсенді дамыту тек қана іс-әрекет қызметінде ғана емес, басқа күн тәртібі кезінде, баланың балабақша ішінде болған барлық уақытында жүзеге асырамын.. Бала күнделікті таңертең балабақшаға келгенде топта баламен күнделікті тұрмыста орын алатын жағдайлар туралы әңгімелесемін. Балалар өздерінің жасаған әрекетін, өздерінің белсенді сәттерін, өздеріне қызықты болған жағдайларды белсенді айтуға тырысамын. Серуенге шығу баланың эмоционалдық жай-күйінің және сөйлеу тілінің белсенділігін тудырамын. Баламен серуенге шығу кезінде және басқа күн тәртібіндеі бос уақытта түрлі ойындар ойнау арқылы баланың сөздік қорының кеңеюіне ықпал жасаймын. Мысалы, «Әли мен Аияға қонаққа бару» қимылды ойынында балалар үй жануарларын атауымен және олардың мекен ететін жерлерінің атау, олардың төлдерінің атауын айтып, жаңа сөздерді меңгеріп, есте сақтайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлем құра» балық аулау арқылы сөзге сөйлем құрау керек. Ата – аналарға арналған баланың сөйлеу тілін дамытуда тиімді әсер ететін кеңестермен бөлісемін:

1.Балаларға арналған көркем-әде-

би шығармаларды, балалар әдебиетін оқып беру, тақпақ, өлең – шумақтарын жатқа айтқызу.

2.Баланың ортаға деген барлық қызығушылықтарын қанағаттандыру, «Неге?» деген баланың сұрағына үнемі жауап қайтару.

3.Баламен бірге табиғатқа серуендеу, саяхатқа шығу және мұражайлар мен тарихи жерлерді таныстыру.

Білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс. Педагогтің міндеті-балалардың қызығушылықтарын атап өту, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу. Сонымен қатар педагог заманауи технологияларды меңгерген, жаңа білімге құштар, үнемі өз біліктілігін арттыруға бағытталуы тиіс.

Педагогтің тиімді қызметінің нәтижесі баланың танымдық қызығушылығы артқанда, оқу қызметі барысында баланың инициативтілігі артқанда, балалардың уәждемесі басым болғанда, балалардың жеке қабілеттерінің артуынан, педагог тәжірибесінің әріптестері үшін маңызды болғанынан көрінеді.

Сөзімізді педагогикалық шеберлік мақсатқа бағытталған жұмыс кезінде ғана мүмкін болады деген сөздермен аяқтағымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Ж., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. - А., 2000 жыл.
2. Отбасы және балабақша, 2012 жыл № 4.
3. Отбасы және балабақша, 1997 жыл № 9-10.
4. Власова Н.Г. Игры – экспериментирование и их место в воспитательно-образовательной программе ДОУ. Информационно-методический и научно-педагогический журнал. – Приложение № 4,2001. -24-36.
5. Дыбина О.В., Рахманова Н.П., Щетинина В.В. Неизведанное рядом: Занимательные опыты и эксперименты для дошкольников // О.В. Дыбина (отв.ред). – М.:ТЦ Сфера, 2005. – 192б. (серия «Вместе с детьми»).